

ISSN 1811-1831

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАҒА АҚПАРАТ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



4'2008



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ

ДИДАКТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНАСЫ – МӘТІН

З.Е. Жұмабаева

**С.Торайғыров атындағы Павлодар
мемлекеттік университеті**

Қазақстан Республикасының 22 қыркүйек 1989 жылғы, 17 шілде 1997 жылғы «Тіл туралы» заңдары мен 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарлама қабылданғаннан кейін елімізде тілімізді дамытудың толық құқықтық базасы жасалды. Елбасымыз бен Үкімет басшылары тарапынан тілімізге деген қамқорлық көрсетіліп, мемлекеттік тілімізді дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері, басты бағыттары мен тетіктері қолға алынып отыр. Елімізде мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында және осы мақсатты орындауға арналған бағдарламасы бекітіліп,

орындалуда. Төл тіліміздің кеністігінде өркен жайған мемлекеттік тілді оқыту саласы дидактика ғылымының зерттеу нысанасы ретінде әр қырынан аса қарастырылып келмегенін жоққа шығаруға да болмайды. Қазақтың төл тілі мен жазба әдебиетін мемлекеттік тілде оқыту, шын мәнінде, басқа тілді мектептерде оқытудың жана дидактикалық нысанасы.

Осы тұрғыда методологиялық тұжырымдарды ашу барысында қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуға көп үлес қосқан ғалымдардың еңбектері айқындалды. Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесін зерттеген, осы салада ғылыми еңбек жазып, «Методика преподавания казахского языка в русской школе» тақырыбына алғашқы диссертация жазған ғалым Ш.Х. Сарыбаев (1943 ж.). Ғалым орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салып қана қоймай, тілді оқытудың практикалық дағдысына мән берген. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесін қазақ тілін қазақ мектептерінде оқыту мәселесімен салыстыруға жол ашқан. Дидактиканың тарихы да қоғам тарихы сияқты кезеңдерден тұратыны, әрбір кезеңнің белгілі бір оқу-әдістемелік құрал жасайтын тұлғалары болатыны белгілі. Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтары табиғаты жағынан мемлекеттік тілде оқыту дидактикасының бірліктеріне жатады.

К. Қожахметованың авторлығымен жазылған «40 уроков казахского языка», Ш. Бектұров және А. Бектұровалардың «Қазақ тілі для начинающих» айдарымен берілген оқу құралдарының дидактикалық қуаты, білім теориясының танымдық-тағлымдық мазмұны туралы өз кезінде орнықты, дұрыс пікірлер айтылып, мемлекеттік тілді оқыту тарихында лайықты бағасын алған дидактикалық нысаналары. Бірақ олардың қайсысы талдау жасауға лайықты деген мәселелері тиісті дидактикалық заңдылықтардан туындауы тиіс. Кез-

келген зерттеушіні зерттеу объектісі ретінде мемлекеттік тілде оқыту дидактикасының негізгі мазмұны мен өлшемдері, танымдық табыстары, тілді оқыту жолындағы ізденістері қызықтырады. Мемлекеттік тілде оқытудың қол жеткізген дидактикалық табыстарына оқулық авторлары да белгілі дәрежеде өзіндік үлестерін қосып отырады. Олар өз дәуіріндегі мемлекеттік тілді оқытуды замана шындығымен шектестіріп, жас ұрпаққа қазақ тілінің қыр-сырын жеткізуге, мемлекеттік тілде оқыту шежіресінің беттерін ашуға көп еңбек еткен дидактика ілімі үшін осы жағынан да құнды. Дидактиканың осы саласының тарихы - әр түрлі деңгейде қолданған тиімді-тиімсіз, маңызды-маңызсыз, үлкенді-кішілі мемлекеттік тілде оқыту өрісінің дидактикалық іс-әрекеттер субстанциялары шежіресі. Бұл орайда да зерттелетін тақырыпқа қатысты қомақты оқытудың дидактикалық ұстанымдары мен зерттеулері әлі де болса толықтырып отыруды талап етеді. Мемлекеттік қазақ тіліндегі мәтінді оқыту шарттылықтарының бірінші критерийі – мамандыққа байланысты лексикалық минимум мөлшерін айқындау. Осы тұрғыда шешілмеген сұрақтардың жауабына тиек болар ғылыми тұжырымдар жоқ десек те артық емес.

Мәтін – өзге тілді аудиторияларда қазақ тілін оқытудың өзегі, оның басты дидактикалық бірлігі деп санаған орынды. Өйткені өзге тілді аудиторияларда қазақ тілін сабақ беру үрдісі мәтінсіз жүзеге аспайды. Оқытудың дидактикалық бірліктері: әрі қозғаушы күші, әрі оқу құралы, әрі нормативтік құжаты, әрі стандарттық көрсеткіштерге сәйкес лексика минимумінің сандық және сапалық индикаторлары. Ал мамандыққа байланысты тілді меңгерудің басты парадигмасы – берілген мәтін негізінде шығарылған лексикалық минимум. Сондықтан өзге тілді аудиторияларда қазақ тілін оқыту барысында мәтінді жинақтау, дұрыс іріктеу үрдісі оқытудың ең алғашқы

кадамы. Мәтінді зерделудің өзіндік өлшемдері болуы шартты талап. Бүгінгі таңда бұл мәселе ғылыми тұрғыдан толық зерттелген проблема десек артық айтқан болары сөзсіз. Айтарлықтай дәлеліміз де бары анық. Шарт - басты міндетті мақсаттық талап. Оқыту өрісінің кеңістігіндегі мемлекеттік қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытудың негіздері тек қазақ тілі пәнінің теориясынан шығады деген ұғым көңіл тоярлықтай шешім емес. Біршама қиындықпен оқылып келе жатқан қазақ тілі теориясы дидактикалық бірліктердің орынды және ұтымды қолдануына деген талаптардың сапасының сапалы болуын бірден талап етеді. Педагогика ілімі қызметінің бірі – түсініксіз немесе мүлдем түсінуге қиын ғылыми ұстанымдарды жеңілдетуге, санаға қонымды етіп меңгерту. Аталмыш талаптарды орындау үшін білім теориясының этнокомпоненттік ерекшелігін тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, оқыту өрісіндегі дидактикалық бірліктердің пәрменді үлгілерін қолдану қажет. Мамандыққа байланысты мәтіндердің дидактикалық бірліктері: қазақ тіліне тән дыбыстар мен әріптер, мамандыққа сәйкес сөз бен сөз тіркестері, сөйлем және тіл теориясының нормалары. Оқыту барысында оқытудың да дидактикалық бірліктері іріктелінеді: бағадарлама талаптары, оқу жоспарының талаптары, әдістемелік және әкереттік істердің құрылуына қойылатын талаптар. Мамандыққа байланысты мәтіндерді оқытудың дидактикалық бірліктерін әдіснамалық тұрғыдан талдаған болсақ, біріншіден, мәтінге қойылатын талаптар қатарына жатқызылатын ұстанымдар мыналар:

- мәтін мазмұнының 80 % нұсқалған мамандықты жан-жақты меңгеруге қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің жабдықталған болуы тиіс;

- дидактиканың дәстүрлі қағидалары: ғылымилық қағидасы, көрнекілік қағидасы, қызығушылық пен

белсенділік қағидасы, жүйелілік қағидасы, бірізділік қағидасы, білімденуші субъектісінің жас және жеке ерекшеліктерін ескеру принциптеріне міндетті түрде сәйкес болуы қажет;

- қазақ тілінің теориялық өлшемдіктерін орындау қағидасы.

Мәтінді осылайша негіздегеннен соң білім теориясын, яғни мәтін мазмұнын, білімденуші субъектісінің санасына жеткізудің жолын дидактика ілімін табуға болады. Негізгі дидактикалық тіректік ұғымдар: оқыту өрісі, оқытудың кадамдық әрекеттері, әрекеттік модельдер, оқыту таксономиясы, талдау үлгілері, оқыту тұжырымы, оқыту құралы, оқыту жүйесі, оқытудың танымдық әрекет бағдары, ұғым, оқытудың технологиясы, тұлғалық адым және т.б. “Орыстілді мектептерде қазақ әдебиетін мемлекеттік тілде оқытудың дидактикалық негіздері - арнайы жүйеленіп құрылған мемлекеттік тілде тоғысу барсында жекеленіп қызмет атқаратын, бір немесе бірнеше амалдардан тұратын жүйеленген оқытудың дидактикалық бірліктер жиынтығы”, - деген ғылыми түсінік мемлекеттік тілде оқыту үрдісіне берілген анықтама. Осы теориялық нұсқа өзге тілді аудиторияларда мамандыққа байланысты мәтіндерді оқытудың да негізі болары сөзсіз.

Қазақ тіліндегі мәтінді өзге тілді аудиторияларда оқытуға әдіснамалық теория болатын ұғымдар бар. Біршама теориялық тұжырымдарды тәжірибе жүзінде оқыту үрдісіне қосудың амалдары, мәтінмен жұмыс жүргізуде дидактикалық бірліктерді қолдану үлгілері теориялық тұрғыдан қарастырылған. Оқытудың стратегиялық бағыты: қазақ тілінде сөйлеу дағдысы мен машығын арттыру арқылы мамандықтың шыңына шығар жолды кеңейту және бәсекелестікте озатын тұлға тәрбиелеу. Өзге тілді субъектіге қазақ тіліндегі мәтінді оқыту осы стратегияның бір микроэлементі.

Адамның жасын мөлшермен атау

Бір адамның өмірін 100 жылға шамалап, оны бір дәуір деп атаған. Жүзді 4-ке бөліп, алғашқы 25 жасын дәурен деп, екінші 25-ті, яғни 50 жасқа дейінгі аралықты ел ағасы деп, үшінші 25-ті, яғни 75 жасқа дейінгі кезеңді аталық жас деп, 75-ті қарттық жас немесе таусыншақ жас деп атаған. Мүшелдік жыл санау есебі бойынша, бір адамның дәуірінде 8 мүшел (3, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97) болады деп болжалдап, оны 5 топқа бөліп есептеген: балалық мүшел (13), жігіттік мүшел (25-37), ағалық мүшел (49-61), аталық мүшел (73), кәрілік мүшел (85-97).

Осы мүшелдердің әрқайсысы тағы да бірнеше шаққа бөлініп аталады. Мысалы, балалық мүшелде нәрісте шақ (2 жасқа дейін), сәби шақ (7 жасқа дейін), бөбек шақ (8-9), жеткіншек шақ (10-12), жасөспірім шақ (13-15), ересек шақ (15-16) деп аталатын алты шақ бар. Ал жігіттік мүшелде бозбабалық шақ, албырт шақ, ағалық шақ, кісілік шақ деген 4 шақ бар. Ағалық мүшел 49 бен 61 жастың арасын қамтиды да, ер ағасы болған шақ, ел ағасы болған шақ, отағасы, қос ағасы, атасақал аузына біткен шақ деп тағы бірнешеге бөлінеді. Осыларға сай адамды жас мөлшеріне қарай биязылықпен атауда жас мөлшерінің әртүрлі атаулары қалыптасқан:

- 1). бала – 14-15 жасқа дейін;
- 2). жеткіншек – 15-18 жас арасы;
- 3). жігіт – 20-37 жас арасы;
- 4). ағай, аға – 38-55 жас арасы;
- 5). аға сөзі мен еке жұрнағын қосып атау – 55-65 жас арасы;
- 6). ақсақал, үлкен кісі тәрізді қосымша сөздерді қосып атау – 60-70 жас арасы;
- 7). ата, әке, кәке, жәке, қария, қарт деген сөздерді қосып атау 70 жастан арғы адамдарға байланысты болып табылған.

(С. Қасиманов)

Жоғарыда берілген мәтінмен жұмыс жүргізу үшін оқыту кеңістігіне оралып, оқыту өрісіндегі қадамдық әрекеттерді әрекеттік модельдерге айналдырып, мәтінді оқыту жүйесін құрған орынды. Әрекеттік жүйенің алғашқы модулі: мәтінге берілген тапсырмалар мен сұрақтардың мазмұндық сапасы, тереңділігі және санаға қонымдылығы. Мұны “Мәтінмен жұмыс жүргізуге арналған тапсырмалар” деген айдармен белгілеп отырмыз. Мәтінді оқу – білімдеушінің сөздік қорын толықтыратын дидактикалық бірліктердің бірі. Тапсырмаларды құрастыру барысында негізгі қағида ретінде мәтінді оқытуды ала отырып, тапсырмалардың бірінші моделіне сәйкестік. Берілген 7 тапсырманың 5-уінде айқын түрде оқы деген тапсырма берілген. Олай болса тапсырмалар мен сұрақтарды құрастырудың басты қағидасы – мәтінді оқыту болуы ықтимал. Мемлекеттік қазақ тіліндегі мәтін – оқытудың ішіндегі күрделі және басты лексикалық құрал. Мәтінді оқытудың сан-салалы түрлері бар. Оларды оқу барысында қолданудың өзі тиянақты жұмысты талап етеді. Сондықтан өзге тілді аудиторияларда қазақ тіліндегі мәтінмен жұмыс жүргізуде басты дидактикалық нұсқау ретінде мәтінді жан-жақты оқыту орынды қолданған дұрыс педагогикалық ұстаным.

1 - модуль

Мәтінмен жұмыс жүргізуге арналған тапсырмалар

1. Мәтінді күбірлеп оқып, мазмұнындағы сөздермен танысыңыздар.
2. Мәтінді тиянақты оқып, сөздер және сөз тіркестерінің жазылуына мән беріңіздер.
3. Мәтінді оқып, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеңіздер.
4. Мәтінді оқып, лексикалық минимум шығарыңыздар.

5. Лексикалық минимумді сөздік дәптерлеріңізге жазып, сөздік арқылы орыс тіліне аударыңыздар.

6. Мәтінді қайталап тиянақты оқыңыздар.

7. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

Әрекеттік жүйенің келесі модулі: мәтін мазмұнындағы тәриямен жұмыс жүргізу. Мұны “Мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмалар мен сұрақтар” деп атап, әрі санаға қонымды, әрі тереңді, әрі мысалмен көрсетілген түрінде білімденушіге ұсынып отырмыз. Бұл модульдің басты дидактикалық қағидасы – мәтін мазмұнындағы білім тәориясын меңгерту.

2 - модуль

Мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмалар мен сұрақтар

1. Адамның жас мөлшері атауларына байланысты сандарды теріп жазып, мәтіндегі орнына байланысты оқылуын сөзбен жазып алыңыздар.

Мысалы: 14-15 жасқа дейін – он төрттен он бес жасқа дейін.

2. Адамның жас мөлшері атауларын жұмыс дәптерлеріңе жазып алыңыздар. Адамның жас мөлшері атаулары: дәурен, ел ағасы, аталық жас, карттық жас (таусыншак жас).

3. Лексикалық минимумге шығарылған сөздерді сөз құрамына ажыратыңыздар.

Мысалы, ағалық: аға –түбір, -лық – жұрнақ.

4. Мына сұрақтарға қазақ тілінде жауап беріңіздер:

- 1-25 жасқа дейін қандай кезеңге жатады?

- 25-50 жасқа дейінгі адамның жас мөлшері қандай кезеңге жатады?

- 50-75 жасқа дейінгі адамның жас мөлшері қандай кезеңге жатады?

- 75 жас қандай кезеңге жатады?

5. Балалық мүшелді атаныздар. Мысалы, балалық мүшел:

- нәресте шақ,
- сәби шақ
- бөбек шақ,
- жеткіншек шақ,
- жасөспірім шақ,
- ересек шақ.

6. Жігіттік мүшелді атаңыздар. Жігіттік мүшел:...

7. Ағалық мүшелді атаңыздар. Ағалық мүшел:...

8. Аталық мүшелді атаңыздар. Аталық мүшел:...

9. Кәрілік мүшелді атаңыздар. Кәрілік мүшел:...

Әрекеттік жүйенің келесі модулі: мәтін мазмұнынан алынған біліми сөздік қорды сөйлеу үрдісіне қосу. Мұны “Сөйлеуге арналған тапсырмалар мен сұрақтар” деп атап, мәтіннен алынған білім өнімін мемлекеттік қазақ тілінің қатынасымда қолданылатын құралына айналдыруды талап етіп отырмыз. Әрекеттік жүйенің бұл модулінің басымдық қағидасы – қазақ тілін қатынасым құралына айналдыру.

3 - модуль

Мәті мазмұны бойынша сөйлеуге арналған тапсырмалар мен сұрақтар

1. Лексикалық минимуммен жұмыс жасап, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

2. Сөздік жатжазу жазуға дайындалыңыздар.

3. Өз жолдасыңмен жұптық жұмыс барысында сұрақ-жауап ретінде әңгімелесудің ретін тауып сұхбаттасыңыздар.

4. Берілген мәтін мазмұнын баяндап беруге көмек болатын тірек схема жасап алыңыздар.

5. Рефлексия жасау:

- қажетті, керекті сөздерді меңгеріңіздер (5 минут).

- тұрақты сөз тіркестерін меңгеріңіздер (3 минут).

- сұрақ-жауап (диалог, 3 минут).

- сөздерді қолданып, сөйлемдер құрастырыңыздар (монолог, 8-12 сөйлем, 5 минут).

Өзге тілді аудиторияларда мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс жүргізу үшін мәтінді оқығудың арнайы жүйесін құру өте қажетті. “Адамның жасын мөлшермен атау” мәтінімен жұмыс жүргізудің педагогикалық ұстанымдары дидактикалық тапсырмалар мен сұрақтарды құру және оларды орындау барысында толық ашылып, жүзеге асырылатын танымдық әрекет бағдары үш модуль арқылы бір жүйеге салынды.

“Тіршіліктің төрт күдіретті негізі” өзге тілді аудиторияда экология мамандығында оқып жатқан студенттерге арналған мәтін.

Тіршіліктің төрт күдіретті негізі

Бүкіләлемдік тіршіліктің төрт күдіретті негізі бар. Олар: күн-ана, жер-ана, ауа мен су. Адамзат күнделікті тіршілігінде осы төрт күдіретке сүйенеді. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат Күнді, Жерді анадай ардақтайды. Күн – барлық тіршіліктің күдіретті тірегі. Оның нұры-сәулесі, күдіретті күші –от. Әлемдегі барлық тіршілік оттың күшімен қозғалысқа түсіп, адам өмірін өркендетіп тұр. Отты халық қастерлеп, “отты баспа”, “отпен сйнама”, “отқа түкірме”, деп ырым, тиым жасап, кесірқырсықты отпен “аластап”, отқа табынған. Отбасы, отағасы, отау деген сөздер отты қастерлеуден шыққан.

Ал Жер-ана тіршілікке нәр беріп, анамыздай асырап жатыр. Халық жер-ананы әулие тұтады. “Баптағанға – жер жомарт”, “Жері байдың – елі бай”, “Туған жер – алтын бесік” деп, жер-ананы аялайды.

Жер-жаһанамдағы тіршіліктің нәрін сіңіріп, өмір сүрудің тірегі болып тұрған күдірет – су. Өмірге ең қымбат, ең қажетті болғандықтан, халық судың шығып жатқан жерін “әулие бұлақ”, дейді. “Судың да сұрауы бар”, деп суды ысырап жасамау керектігін өз ұрпақтарына ескеріп отырған.

Жанды дүниенің өмір ыргағын жасап тұрған келесі күдіретті нәрсе ауа. “Ауа - өмір тынысы”, - дейді халық. Ең қымбатты, қажетті нәрсені “ауадай қажет” деп халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалайды. (“Мен – Адаммын” кітабынан, құрастырушы Иғнбаева Б.Қ.).

Осы өзге тілді аудиторияда экология мамандығына оқын жатқан студенттерге арналған мәтін “Тіршіліктің төрт күдіретті негізі” дидактикалық нысанасымен жұмыс жүргізудің қадамдық әрекеттері:

1 - ші қадам. Мәтіндегі сөздер және сөйлемдермен танысу үшін мәтін мазмұнын күбірлеп оқу тәсілімен оқып шығыңыздар (Мәтін құрамындағы сөздерге “сәлем” бере отырып оқып шығыңыздар).

2 - ші қадам. Мәтін мазмұнынан лексикалық минимум шығару үшін оқып шығыңыздар (Оқу барысында мағынасы сізге түсініксіз сөздерді “түртіп” отырыңыздар).

3 - ші қадам. Лексикалық минимум ретінде белгіленген сөздерді алғашқы нұсқалық түріне айналдырып, сөздік дәптерлеріңізге жазып алыңыздар. Оларды ана тіліңізге аударыңыздар (Сөздіктермен жұмыс жүргізу кезеңі).

4 - ші қадам. Мәтінді қайталап күбірлеп тиянақты оқып шығыңыздар.

5 - ші қадам. Мәнерлеп оқу талабына сәйкестеп оқуға жұмыс жүргізіңіздер.

6 - шы қадам. Мәтінмен бірге берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

7 - ші қадам. Мәтін мазмұнын мазмұнына жақын ауызша айтып беруге жұмыс жүргізіңіз.

ӘДЕБИЕТ

1. Закон Казахской Советской Социалистической Республики «О языках в Казахской ССР», 1989 г.

2. Қазақстан Республикасының “Тіл туралы заңы” /”Ақжол газеті”, 1- тамыз 1997 ж.

3. Бектуров Ш., Бектуров А. Қазақ тілі для начинающих: Учебник для аудиторных и кружковых, самостоятельных занятий. 2-ә изд. переработ. и доп. - Алматы: Рауан, 1994 - 400 стр.

4. Мен – Адаммын. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуға арналған күрал / Құраст. Б.Қ. Игенбаева – Алматы: Дәуір, 2000 - 128 б.

5. Қожахметова Хпдиша. 40 уроков казахского языка. Алма-ата: Жалын, 1989. 280 стр.

6. Жұмабаева З.Е. Орыс тілді мектептерде казак әдебиетін мемлекеттік тілде оқыту әдістемесі- Павлодар, “ЭКО” ҚОФ, 2005 ж. -205 б.

7. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология, синтаксис: Оқуға түсуші талапкерлерге, студенттерге және оқытушы-мұғалімдерге арналған. - Алматы: Атамұра, 2006. -336 б.

Резюме

В настоящей статье рассмотрены дидактические подходы к работе с текстом на государственном языке. В аудиториях с русским языком обучения дискурсивная работа с текстом требует проработку ряда его логических звеньев. Выдвинуты некоторые дидактические аспекты работы с текстом.

Resume

The article is focused on didactic approaches to the work with the texts written in state language. Discourse text work in groups with Russian language instruction requires work with the number of text parts. Some didactic aspects of text processing strategies are suggested.